

2. Жизнь и деятельность представителей казахской национальной интеллигенции в Туркестане (Сборник документов и материалов) Часть Шымкент – 2004, 276-с.
3. Жүргенов Т. «СССР мен Қазақстанда әкімшілік-шаруашылық жағынан аудандарға бөлу проблемасы Қызыл-Орда: ҚазМембаспасы, 1927.
4. Жүргенов Т. Таңдамалы. Избранное. – Алматы: Арыс, 2001. -275 б.
5. Иманғалиев Б.С. Темірбек Жүргенов (зерттеулер, мақалалар, құжаттар жинағы), Алматы 2012, 439-б
6. Назарбаева Г, Әбжанов Х. «Қазақстан: тарих пен тағдыр», Алматы 2003, 296 б.

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аманжолова А.Е.

Ғылыми жетекшісі: т.ғ.к., доцент Кентбек С.Қ.
Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті
aiishuak@mail.ru
Қарағанды қ.

Әлем өркениетіндегі барлық ежелгі қоғамдық-экономикалық формация - алғашқы қауымдық құрылыстан басталатындығы белгілі. Алғашқы қауым адамы өзінің дамуында бірнеше жүйелі кезеңнен өтті. Олардың негізі тасты өңдеу тәсілін жетілдіру мен оған байланысты еңбек өнімділігінің, материалдық және рухани мәдениеттің өсуі болып табылады.

Ежелгі тас дәуірі - адам мен оның шаруашылығының қалыптасу мезгілі – өндіргіш күштердің төменгі деңгейімен сипатталады. Адамдар өздерінің арғы ата-тегінен еңбек ете білуді мұра етті және ол үшін қарапайым еңбек құралдарын жасай білді, оның көмегімен табиғаттың сыйын пайдаланды: жабайы өсетін өсімдік дәндерін, жеміс-жидектерді жинады, жабайы аңдарды аулады, балық аулаумен шұғылданды. Жинап-теру, аң аулау, балық аулау, әрине, еңбек, бірақ өздері тауып пайдаланатын табиғаттың өнімдерін ежелгі ұдайы өндіре алмады. Сондықтан неолит дәуірінде табиғаттың дайын өнімдерін иеленудің – жиып-теру мен аң аулаудың орнына өндіруші шаруашылықтың, мал шаруашылығы мен егін шаруашылығы пайда болды. Шаруашылықтың жаңа түрлерінің пайда болуы адамзат қоғамының дамуы үшін үлкен маңызға ие болды, адамның еңбек іс-әрекетінің ауқымын кеңейтті, сондай-ақ оның сипатын сапа жағынан өзгертті. Бұдан кейінгі адамның экономикалық қызметінің мыңжылдық тарихы айтарлықтай мөлшерде осы екі шаруашылықтың дамуы мен жетілдіруінің тарихы болды. [1, 66.].

Жер көшпелі қауымның ортақ меншігі болып саналып, шаруалар оны бірігіп пайдаланды. Мал жыл бойы өрісте жайылып, жеке меншікте болды. Негізінде малға иелік етуші жайылымға да иелік етті. Қазақ халқы Ресейдің отаршылдық саясатының негізінде, XIX ғасырдың екінші жартысында Ресей империясының құрамына еніп, 1891 жылы Дала ережесіне байланысты дәстүрлі қазақ қоғамында, сонымен қатар көшпелі шаруашылықтың сипаты өзгергендігі аян. Қазақ өлкесі Ресейдің мемлекеттік меншігі болып, шұрайлы жерлер, жайылымдық алқаптар қоныс аударушылардың және ауқаттылардың иелігіне көшті.

Патша үкіметінің қоныс аудару саясаты қазақ халқының экономикалық жағдайына біршама нұқсан келтірді. Қазақтардың ата-бабаларынан қалған шұрайлы жерлерді күшпен тартып алып, қосу арқылы жартылай отырықшы мал шаруашылығымен және егіншілікпен айналысқан көшпелілердің дамуын шектеп қалды. Кедей халық қайыршылыққа ұшырап, мал басы кеміді. Кедейленген халықтың көп бөлігі отырықшы шаруашылықпен айналысты. 1917 жылға дейін патша үкіметі қазақтардан 45 млн.гектардан астам жерді тартып алып, ішкі Ресейден келген жаңа қоныс тебушілерге алып берді. Ал жерінен айырылған қазақтарды шөл және шөлейт, басқа да қолайсыз аймақтарға қудалады. Отырықшы шаруашылықпен айналысу сонау ғасырлар бойы көшпелілікпен айналысып келе жатқан қазақ халқы үшін қиынға соқты.

Жер иелену құқығымен қоса, бұған белгілі бір мөлшерде қаражат та қажет болды. Бірақ патша үкіметі қандай да бір көмек көрсетуге қарсы болды. Осындай үдеріс көбінесе егін шаруашылығына қолайлы солтүстік-шығыс аймақтарында, қоныс аударған орыс шаруаларымен тығыз араласқан жерлерде белең алды. Осылайша, Қазақстанның табиғи-географиялық және тарихи жағдайларына байланысты шаруашылықтың көшпелі, жартылай көшпелі және отырықшы сияқты үш түрі қалыптасты. Жартылай көшпелі және отырықшы шаруашылығында егіншілікпен айналысу және шөп шабу үшін арнайы машиналар қолданыла бастады. Басында бұл машиналарды ауыл адамдары бірлесіп сатып алса, кейінірек жекеленіп, несиеге сатып алатын болды. 1908 жылы тек Ақмола облысының қазақтарында 6160 шөп шабатын машина болды.

Сауда-саттықтың дамуына жол ашылудың бірден-бір себебі, ол тауар-ақша қатынастарының қазақ жеріне тартыла бастауы болды. Тауар-ақша қатынасы шаруалардың шаруашылық қызметінің өсуіне әкеп соқтырды. Сол кездегі бай, ауқатты адамдар барлық малды, қауымдық жерлерді, су көздерін және қыстақтар мен жайлауларды иемденіп алды. Сауда-саттық арқылы өз кәсібін ашып, жалдама еңбекті пайдаланушылар көбейіп, саудагерлік-кәсіпкерлік кең ауқымда дамыды.

Тауар-ақша қатынастарының дамуына байланысты, XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында Қазақстан экономикасында әр түрлі экономикалық ұстанымдардың астасуы болды.

Халық қаражатынан жиналынып отырған түрлі алым-салық мөлшерлері жылдан-жылға өсіп отырды және бұл еңбекшілерге біршама ауыртпашылық әкелді. Сол кезеңдегі елге салынған негізгі салық түрлері: мемлекеттік төлемдер (түндік басы алымы, земство жарнасы), болыстық жарналар (шығын, қарашығын, т.б.), натуралды міндеткерліктер. Түндік басы алымы (түтін салық) мемлекеттік жерді пайдаланғаны үшін төленетін салық-рента болатын. Ресми түрде ол халықтың әл-ауқатына қарай салынуға тиіс болса, іс жүзінде билеп-төстеушілер оны түндік иелерінің бәрінен бірдей мөлшерде алып отырды. Шығын салығы болыстың және болыс кеңсесінің мұқтаждарына жарату үшін жиналды. Салықтың көлемін алдын ала білу мүмкін емес еді, себебі оны кез келген сылтау арқылы немесе сылтаусыз-ақ жинай беретін. Қысымға шыдамаған кедейлер өсімқорларға жүгінуге мәжбүр болды, бірақ олар алым-салықтың ауыртпалығын одан сайын күшейтіп алды.

Қазақ халқының және қазақ мемлекеттігінің қалыптасу кезеңінен XIX ғасырдың ортасына дейін үй-ішілік қолөнер мен кәсіпшілік-өнеркәсіптің жеке-дара формасы болды. Халқымыз ерте заманнан мал шаруашылығымен айналысатындықтан малдан алынатын шикізат мөлшерінің көп болуы қолөнерге мамандануды, жүн мен теріні қайта өңдеуді және қазақ халқы қажет ететін әр түрлі тұтыну заттарын дайындауды қажет етті. Үй-ішілік қолөнердің ең көп тараған салалары: жүнен түрлі бұйым жасау өндірісі (киіз, кілем, тұскиіз, киізден жасалатын әр түрлі бұйымдар, киімдер дайындау), қой терісінен былғары (былғары киім, аяқ киім, ер, ат әбзелдерін, теріден сыйымды ыдыстар, өзге де ыдыстар және т.б.) дайындау. Ағаш өңдеуде қолөнер жеткілікті деңгейде дамыды. Кейбір аймақтарды мыс балқытылды, темірден қол орақтар, пышақтар, үй-ішінде пайданылатын заттарды дайындады. [2, 212б.].

Қазақстанның Ресейдің қол астына енуінен бастап XIX ғасырдың екінші жартысында, өндіріс, зауыттар пайда бола бастағандығы белгілі. Ресей капитализмнің кеңірек дамуымен тауар-ақша қатынасуының араласу, қоныс аударғандар мәселесі, жергілікті базарларға орыс және шетел капиталының енуі және өнеркәсіптің пайда болуы арқылы Қазақстан капитализм жүйесіне қарқынды түрде тартылды, себебі Ресейдің капитализм сатысына енуі Қазақстанда өнеркәсіп дамуының шапшаңдауына әкелді. Осылайша, Қазақстанда өнеркәсіп саны күрт өсе бастайды. Алайда, бұл өнеркәсіптер тек Ресей мен өзге де империалистік мемлекеттердің қажеттіліктерін қанағаттандырып отырды. Қазақстан өнімді өткізетін рынокқа айналды.

Кәсіпорындар салу арқылы жұмыссыздық деңгейі төмендеді, өйткені тұрақты жұмыскерлер пайда болды. Көп жағдайда ер адамдардың еңбегі пайдаланылды, ал әйелдер мен жасөспірімдер ең маманданбаған, жалақысы төмен, қосалқы жұмыстарда еңбек етті. Яғни,

ересек жұмысшының орташа еңбекақысы 77 тиынға, әйелдердікі – 41 тиынға, жасөспірімдікі – 28 тиынға сәйкес келді. Ұсақ кәсіпорындарда шашыраңқы еңбек ететін көп ұлтты кадрлар: қазақтар, орыстар, қырғыздар, дұңғандар және т.б. ұйымдаспаған еді. Жұмысшылардың қажетіне: дәрігерлік жәрдемге, өмірін қауіпсіздендіруге бөлінген қаржы болмашы ғана болды, жұмыс күні көптеген кәсіпорындарда 10-12 сағатқа созылды.

Индустрияландыру кезеңі Қазақстан өнеркәсібін дамытудағы шешуші қадам болып табылды. Елдің экономикалық және әлеуметтік дамуында индустрияландыру ісі қоғам өмірінде тек қана үлкен секіріс жасап қана қоймай, шаруашылықты дамытып, ірі өнеркәсіпті-аграрлы державаға айналдыруға мүмкіндік туғызды. 20-жылдардың ортасында елдің экономикасын қалпына келтіру аяқталды және жұмыс жасап тұрған зауыттарды, шахталарды, мұнай кәсіпшіліктерді қайта жарактандыру ғана емес, соншалықты жаңа кәсіпорындар салу да бірінші кезектегі міндет болды. Ел шаруашылықты қалпына келтірудің аяқ кезінде де көп жағдайларды бұрынғысынша аграрлы, шаруа елі болып қала берді. Елдің техникалық-экономикалық жақтан, әсіресе өнеркәсіппен ауыл шаруашылығының даму деңгейі жағынан мүлде артта қалуы, қол еңбегінің толық басымдылығы ендігі жерде шаруашылықты жаңа, ең жоғары техникалық базада қайта құру қажеттілігін талап етті; халық шаруашылығын қайта құрудың маңызды түйіні елді социалистік жолмен индустрияландыру болды. Индустрияландырудың қажеттілігін бәрінен бұрын ішкі жағдайлар талап еткендігін байқаймыз.

Индустрияландыру елді социалистік жолмен қайта құрудың негізі болды және бәрінен бұрын шаруашылықтың өзге де барлық салаларын дамыту үшін негіз болатын машина жасау ауыр өнер кәсібін дамыту қажет. Тек машина жасау ауыр өнеркәсібін жедел дамыту ғана жеңіл өнеркәсіптің шапшаң дамуын, ауыр шаруашылығын қайта құруды қамтамасыз ете алатын еді, сондай-ақ еңбекшілердің материалдық-тұрмыс жағдайын және мәдени деңгейін көтеруді де тек сол қамтамасыз етуі мүмкін еді. Осы мәселеде Қазақстандағы индустрияландыру ісін жүргізу қажеттілігі неден туындағанын көрсете білу маңызды. Бірінші бесжылдық жылдарында елдің орталық аудандарын дамытумен бірге, ұлттық аймақтардың экономикалық деңгейін теңестіру мақсатында, осы қиыр шеттердің өнеркәсібін дамытуға елеулі көңіл бөлінді, бұл аудандардың көпшілігінде фабрика-завод өнеркәсібі болмағандықтан, жоқтан бастауға тура келудің өзі өте күрделі іске айналды және индустрияландыруды жедел бастау қажет болды.

Өнеркәсіп жергілікті шикізатты қайта өңдейтін ұсақ, жартылай қолөнер шеберханаларынан тұрды. Қарапайым ғана Қарағандының шахталары, Ембінің мұнай кәсіпшіліктері, мыс, күрделі металл кендерін өндіретін рудниктер шетелдік жалға алушылардың қолына көшті. Өлкенің халық шаруашылығының барлық өнімінде өнеркәсіптің барлық үлесі небәрі 6,3 %, ал ел өнеркәсібіндегі Қазақстанның үлесі 17 ғана болғандығын атап өткен жөн. 5,6 млн. тұрғын халықтың 74 мыңы ғана өнеркәсіп пен транспортта жұмыс істейді және 55 мыңы қолөнер кәсібімен шұғылданды. [1, 220б.].

Қазақстанның өнеркәсіптік қатынастарда артта қалуы жұмысшы кадрларының көп болмауына және инженер-техник қызметкерлерінің тіпті толықтай болмауына әсер етті. Осы азғантай жұмысшы кадрларының өзі, әңгіменің турасын айтқанда, әлі өндіріс жұмысшылары емес еді, олар көшпелі ауылдармен байланысты болды және көп жағдайда науқаншылдықпен жұмыс істеді. Сөйтіп, индустрияландыруды дамыту міндеттерін шешумен бірге, жоғары оқу орындары, техникум, училищелер ашу жолымен маманданған жұмысшылар және инженер-техниктер интеллегенциясы кадрларын қалыптастыру негізінде Қазақстанда мәдени құрылыстар міндеттері де шешілді.

Қазақстандағы индустрияландыру аймақты жаппай геологиялық зерттеуден және темір жолдар құрылысын жүргізуден басталды. Социалистік индустрияландырудың тұңғышы – Қазақстан, Орта Азия және Сібірді байланыстыратын Түркісіб темір жолы болды. Қазақстанның табиғи байлықтарын кең көлемдегі геологиялық зерттеудің нәтижесінде, жалпы одақтық еңбек бөлінісі жүйесінде Қазақстанның орны мен рөліне деген көзқарасты түбірімен өзгерткен, пайдалы қазбалардың келешегі бар кен орындары ашылды.

Қазақстандағы индустрияландырудың проблемаларын, барысын және қорытындысын нақты сипаттайтын бұл тақырып ерекше қызығушылық туғызады, өйткені уақыттардың байланыстылығы, дәлірек айтсақ республиканы индустрияландыру және қазіргі даму кезеңдері қарастырылуы қажет. Біз үшін не жасалғандығын біліп қана қоймай, оған қалай, қандай күшпен қол жеткізілгенін білу де маңызды. [3, 1046.].

1950 жылдардың екінші жартысында Қазақстанның өнеркәсібінде ғылыми техникалық прогреске, өнеркәсіп саласын дамытуда ілгерлеушіліктер болғандығы аян. Осы кезеңде 200 – ге тарта өндіріс ошақтары мен кәсіп орындары пайда болды. Мысалы, Өскемен қорғасын зауыты мен оттегі станциясы, Павлодарда алюминий, қорытпа және комбайн зауыты, Семей мен Шымкент жерінде цемент зауыттары, Жамбылда химия зауыты соның бір айғағы. Өндіріс технологиялары жетілдіріле бастады, механикаландыру, автоматтандыру кәсіпшіліктерді кеңінен қолданыла бастайды.

Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін нарықтық экономикаға көшу жолына түскендігі белгілі және алғашқы кезеңде оның үш кезеңі белгіленді, яғни, бірінші кезең 1991-1992 жылдары, екінші кезең 1993-1995 жылдардың аралығы, ал үшінші кезең 1996-1998 жылдарды қамтыды. Нарықтық экономикаға көшу кезеңінде жаңа мемлекеттік басқару органдары құрылды. Мысалы, салық инспекциясы, мүлік жөніндегі монополияға қарсы саясат жөніндегі комитеттер, кеден инспекциясы және т.б. Нарықтық экономикаға көшуде біршама қателіктерде болды. Себебі, бұған жету жолындағы нақты мақсаттар мен мүдделер толық қарастырылмады, нақты заңдар болмады, сонымен қатар жекешелендіру кезеңінде көптеген қателіктер мен кемшіліктерге жол берілді. Осыған байланысты Қазақстан үкіметі талдау жасай отырып, арнайы мемлекеттік бағдарлама әзірледі. Ал 1993 жылы 15 қарашада төл теңгенің енуі, инфляция процесін ауыздықтауға үлкен мүмкіншіліктер жасады, ақша-қаражат саласы түзеле бастады. Осыған сәйкес, өнеркәсіптің кейбір салаларында алға ілгерлегендігі айқын. Әлем өркениетіндегі менеджмент қызметі құлдырау жағдайында, еліміздің ірі кәсіпорындары қысқа мерзім ішінде қайта түлеуге, өркендеуге мүмкіншілік алды. Осылайша, Қазақстан әлемдік рынокқа шығу, тығыз байланыста болуға қол жеткізе бастады. Осының негізінде, еліміздің экономикасының басым салаларында біршама жетістіктерге жеттік. Қазақстан Республикасында экономикалық, өндірістік қатынастар жүйесін жаңаша тұрғыдан өзгерту реформалары қысқа мерзімнің ішінде тиімді заңнамаларымызға сәйкес нарықтық экономиканың жүйелі түрде жұмыс жасауына септігін тигізді. Табиғи байлықты игеру, мұнай-газ ауқымды жобаларын іске асыру, жаңа технологияларды енгізу соның бір кепілі. Ел экономикасының ілгерлеуі халықтың әлеуметтік өміріне, тұрмысына үлкен ықпал етті. Еліміздің даму стратегиясында нақтыланғандай, Қазақстанда тұрақты экономикалық өрлеу өндіріс ауқымының өсуі, инвестициялардың жүйелі жұмыс жасауы, өнеркәсіптің өрлеуіне жол ашты. Оған дәлел, бүгінгі таңда еліміздің экономикалық тұрғыдан даму процесінде, жаһандану барысында әлемдік-экономикалық байланыстары күә!

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Берденова К.Ә., Есіркемесова Б.Ә., Жұмабекова Ж.Ж. Қазақстанның экономикалық тарихы: оқу құралы/ К.Ә. Берденова, Б.Ә. Есіркемесова, Ж.Ж. Жұмабекова. – Алматы: Экономика, 2010. – 284 бет.

2. Нысанбаев Ә. *Қазақ энциклопедиясы*, 5 том, - Алматы. 1998. – 560 бет.

3. Көшімбаев С.Қ, Жақып Б.Ө., Махранов А.Д. *Энциклопедия*, Алматы.- 2011. – 880

бет